



## ЖЕТІСТІК КІЛТІ – ҒЫЛЫМДА

Зерттеушілікті ту еткен ҚазҰУ-да соңғы жылдары ғылымға үлкен қолдау көрсетілуде. Ең алдымен, университет құрылымы қайта жүйеленді. Кафедралар ірілендіріліп, кластерлік негізге көшті. Оқытушыларымыз бен тәлімгерлеріміз шетел асып, халықаралық тәжірибенің озығын бойға сіңіруде. Олар өз сапары барысында әлемдік білім беру кеңістігіндегі ғылымның жетекші рөлін танып қайтты. ОПҚ құрамы мен студенттер университеттегі ғылымға берілген басымдықтың маңызын сезінді. Олай болса, зерттеушілікке бағыт алған тұстағы университет зертханаларының әлеуеті қандай? Оқу және ғылыми зертханалардың бүгінгі жағдайы толғандырған ректорат мүшелері кешегі отырыста осы сұрақты талдады.

Қазіргі таңда университет құрамындағы зертханалардың жалпы саны көз қуантады. Оқу зертханалары - 130, оқу-зерттеу зертханалары – 72 және ғылыми зертханалар – 92. Атауы айтып тұрғандай, олардың бірі оқу барысында тәжірибе жасау мақсатында, екіншілері нақты бір зерттеуге бағытталған ғылыми негізде қолданылады. Үшіншілері екі арнаның бағытын қосып, қос міндетті жүктеген. Оларды саралаған бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлының айтуынша, зертханалардың басым бөлігі – химия және химиялық технология, физика-техникалық, механика-математика пен биология және биотехнология факультеттерінің еншісінде.

Осы орайда бірінші проректор ғылыми өлшеу құралдармен қамтамасыз етілген, материалдық-

техникалық базасы қуатты зертханалардың қолдану тиімділігіне назар аударды.

Бірінші проректор хабарламасы бойынша, соңғы 3 жылда заманауи оқу-зертханалық құрал-жабдықтар және жиһаздармен жабдықтауда физика-техникалық және механика-математика факультеттеріне басымдық берілген. Мәжілісте физика-техникалық факультетінің деканы Асқар Ербуланұлы сөз алды. Ол жаңа құрал-жабдықтардың ғылыми жобалардың тынысын ашып, серпін бергенін жеткізді. Сондай-ақ механика-математика факультетінің деканы Алматбек Балғабекұлы зертханалардың білім беру деңгейінің артуына, сапалы маман дайындауға тигізген ықпалын айтты. Сөз соңында ректор Ғалым Мұтанұлы зертханалардың зерттеушілік университетіндегі рөліне тоқталды. **Жалғасы 2-бетте**

## ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСПАЛДАҒЫ

Бейіндік білім беру заманауи қоғам талабынан туындаған. Еліміздегі бұл сала тереңдетілген және кәсіби бағытталған оқыту жүйесі арқылы тұлға, қоғам мен мемлекет сұранысын екере отырып, орта білім беру сапасын арттыруды көздейді. Бейіндік білім беру мектептегі соңғы 2, 3 жылды қамтиды. 2011 жылы 11 шілдеде Ғылыми кеңестің шешімі және ректор Ғалым Мұтанұлының бұйрығымен 10-11 сыныптарға арналған ҚазҰУ-дың «Бейіндік мектебін» құру ұйғарылды. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің бөлімі болып табылатын мектептің бүгінгі тынысы жайлы кешегі ректорат мәжілісінде директор Д. Алпысбаева хабарлама жасады.

2011 жылы 21 қазанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметіне Мемлекеттік лицензия алған. Бейіндік мектеп жеке білім беру мекемесі ретінде қарастырылады. Ол Францияда – лицей, Германияда – гимназия, АҚШ-та – «жоғары» мектеп түрінде көрініс тапқан. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Бейіндік мектебінің» мақсатына директор Дәрия Есболқызы кеңінен тоқталды.

**Жалғасы 2-бетте**

## ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХЫН ОЯТҚАН БАЙҚАУ

Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент және студенттер Сенатының ұйымдастыруымен университеттік «Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» - 2013 байқауының ақтық сайысы өтті.

«Ана тілі аруы» және «Жігіт сұлтаны» - 2013 байқауының басты мақсаты - жастар бойында ұлттық тәрбие құндылықтарын дамыту, мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту, жастардың жеке тұлға ретінде үйлесімді дамуына, рухани және жеке кемелденуіне әдемі әдемі, заманалы қыздар мен жігіттердің шығармашылық және жоғары зияткерлік әлеуетін дамыту, сондай-ақ салауатты өмір салтын, табиғи сұлулықты насихаттау.

Байқауға қатысуға алғашқыда университетіміздің 700-ге жуық ұл-қыздары өтініш білдірсе, олардың 90-ы 2-кезеңге өтті. Екінші кезеңде қатысушылардың интеллектуалды өресі, өнері, білімі сараланып, барлық 13 факультеттен 14 қыз, 14 жігіт таңдалып алынды. Осы уақытқа дейін арулар өз қолдарымен қазақтың ұлттық тағамдарын дайындап, жәрмеңке өткізді. Жиналған ақша қорына жетім балалар үйіне қамқорлық іс-шараларын жүргізді. Ал жігіттер ұлттық, спорттық байқаулар (асық ойнау, қол күрес, бәйге және т.б.) бойынша өнер көрсетті. Жігіттердің тек спорттық қабілеті ғана емес, сондай-ақ қоғамдық, яғни үгіт-насихат жұмысы, адамдармен қарым-қатынасы да бағаланды. Ақтық сынға жолдама алған қатысушы қыз-жігіттердің мәдени қоғамдық өмірдегі әдеби, мінез-құлқы және өзін-өзі ұстауы бағаланды.



**Жалғасы 8-бетте**

### БҮГІНГІ САНДА:

**ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ**



2-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**«ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ КӨБЕЮ СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ – ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ БОЛМАУЫ»**



4-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ**



7-бет



РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Ғалым МҰТАНОВ,  
ҚазҰУ ректоры:

«Зертхана үшін бағыт пен мақсат айқын болуы керек. Сонымен қатар бізде сертификатталған зертханалар бар. Олардың мәртебесін көтеріп, халықаралық дәрежеге жеткізу қажет. Зерттеудің трансформациялануына қарай университет әлемдік аренада көрінбек. Бұл үшін тиісті деңгейдегі зертханалар болуы керек».

Ғылымды қаржылық жағынан қолдау жалғастырылады. Ерекше көңіл бөлінетін саланың бірі – биомедицина болмақ. Ал зертханалар ғылым игілігі үшін, жас мамандар мен ғалымдарды қалыптастыруда тиімді қолданылуы керек. Білікті ғылыми әлеуетіміз бен қуатты материалдық базамыз бар, ендеше қызметтің нәтижелі болуы шарт».

Тілекқабұл РАМАЗАНОВ,

Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор:

«Байқап отырғанымыздай, зертханалар туралы түрлі түсінік пен көзқарас қалыптасқан. Ең алдымен, зертханалардың атқаратын міндетті қызметін анықтау аса маңызды. Бұл орайда екіжақты, яғни оқу әрі ғылыми зертханалар мен пәнаралық зертханалардың артықшылықтары айқын. Ал басты назарда ғылым басымдығы мен білім беру интеграциясы болмақ».

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСПАЛДАҒЫ



«Басты мақсат – үздіксіз білім берудің біртұтас кластерлік жүйесін құру. Яғни, ректор Ғалым Мұтанұлының бастамасымен бейіндік мектеп, колледж, университет тізбеп іске қосылды. Сонымен қатар қазақстандық білім беру реформасының заманауи талаптарына жауап беретін жалпы орта білім берудің инновациялық үлгісін қалыптастыру көзделді», – деген ол білім алушыларды ғылыми-зерттеу және эксперименттік қызметке баулу да қарқынды жүргізілетінін жеткізді.

Бүгінде ҚазҰУ-дың «Бейіндік мектебі» білім алушыларды екі: қоғамдық-гуманитарлық және нақты математикалық бағыттағы пәндер бойынша дайындауда. Мектепте алғашқы 2011-2012 жылы 32 оқушы білім алса, биыл олардың саны 54-ке артқан. Кәсіби бағытта оқып жатқан білім алушылардың оқу үлгерімі де жылдан-жылға жақсарып келеді. Бірыңғай ұлттық тестілеудегі нәтижелері де қуантарлықтай. Ректор Ғалым Мұтанұлы халықаралық деңгейде бәсекелестікке төтеп беретін, белсенді өмірлік ұстанымы бар жоғары білімді тұлға тәрбиелеуде мектеп ұжымына сәттілік тіледі.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ЖЕТІСТІК  
КІЛТІ –  
ҒЫЛЫМДА

Мұхамбетқали БҰРҚІТБАЕВ,  
Бірінші проректор:

«ҚазҰУ-да көптеген зертхана бар. Біз олардың жұмысын жандандырып, ортақ қолданыстағы зертханаларды тәжірибеге енгізуіміз керек. Бір жағынан, бұл факультетаралық, кафедрааралық зертханаларға жол ашады. Екіншіден, нарықтық жағынан да тиімді. Осылай ұжымдық мәдениеті қалыптасқан оқытушы профессорлар құрамының ғылыми күшін тоғыстыра аламыз. Ғылыми әлеуетті арттыру арқылы пәнаралық ауқымды зерттеулер өмірге келмек».



ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ

В рамках мероприятий, посвященных Дню Первого Президента РК, на факультете международных отношений состоялась встреча студентов и преподавателей с советником – пресс-секретарем Президента РК Д. Абаевым.



Даурен Абаев выпускник КазНУ 2001 года с отличием окончивший факультет международных отношений по специальности «Международное право». На встрече со студентами он отметил, что успешность невозможна без хорошего образования: каждодневного труда, чтобы стать профессионалом необходимо прилагать усилия. «Студенты уже сейчас должны задумываться о будущем трудоустройстве. Чтобы найти хорошую работу необходимо приобретать новые знания и навыки, дополнительно посещать курсы обучения, правильно выбирать место прохождения стажировок и производственной практики. Реализация принципа «обучение через всю жизнь» – главная гарантия успешной профессиональной реализации, независимо от избранной студентами сферы деятельности», – подчеркнул гость.

На встрече студенты имели возможность получить ответы на интересующие их вопросы: об особенностях работы пресс-службы Президента РК, о ходе реализации экономических и социальных реформ, молодежной политики и др.

В свою очередь молодежь рассказала гостю о своих увлечениях и достижениях, участии в деятельности студенческих организаций, предстоящем юбилее студенческого профсоюза «Сұңқар», созданного в свое время в университете при непосредственном участии Даурена Абаева.

В завершение мероприятия проректор по социальному развитию КазНУ Шолпан Джаманбалаева от имени ректора, преподавателей и студентов поблагодарила гостя за интересную встречу и, как выпускника КазНУ, пригласила его принять участие в праздновании 80-летнего юбилея университета.

К.Н. ШАКИРОВ,  
декан факультета  
международных отношений

С ДИПЛОМОМ ВО ФРАНЦИЮ!

В Алматы состоялась II ярмарка вакансий Франция–Казахстан для выпускников отечественных вузов, обучавшихся и проходивших стажировку во Франции.

Организаторами мероприятия выступили посольство Франции в Казахстане и Казахстанско-французский научно-образовательный центр «Гео-Энергетика» при КазНУ. Поддержали акцию компании «GEP-AFTP», «КАТКО» и Ассоциация французских деловых кругов в Казахстане.

Ярмарку вакансий посетили посол Франции Ф.Этьен, Генеральный консул Франции в Алматы П.Ренар, ответственный по странам Европы и Центральной Азии компании «GEP-AFTP» Ж.Мосдитиан, менеджер по связям с общественностью «КАТКО» М.Мишо, которые отметили о важности проведения таких мероприятий.

«Целью мероприятия является трудовая интеграция, сближение французских компаний-работодателей в Казахстане с выпускниками и привлечение специалистов в области нефти и газа, инжиниринга, космических систем, химии, механики, транспорта и т.д. Во Франции обучается более двух миллионов студентов, из них около трехсот тысяч – иностранные студенты. Вузы Франции тесно сотрудничают с КазНУ имени аль-Фараби, Назарбаев Университетом, КазНПУ имени Абая, КазНТУ имени К.Сатпаева», – подчеркнул посол Франции господин Франсис Этьен.

Приняв участие в этом мероприятии выпускники вузов, в том числе и КазНУ им. аль-Фараби, смогли ознакомиться с предложениями более двадцати отечественных и французских компаний, осуществляющих свою деятельность в Казахстане. Например, такие как «КАТКО», «L'OREAL», «ALSTOM», «Bureau Veritas», «KazFraTechNet», «Franck pro-

vest» и другие. Представители центра «Гео-Энергетика», Центра карьеры и бизнеса, Французского учебного центра факультета международных отношений КазНУ провели продуктивные переговоры с сотрудниками ряда крупных казахстанско-французских производственных, логистических, торговых, коммерческих компаний по вопросам организации новых баз практик для студентов 2-3 курсов и дальнейшему трудоустройству выпускников КазНУ.

Менеджер компании «КАТКО» Максим Мишо, рассказав о своем предприятии, поблагодарил центр «Гео-Энергетика» за высокий уровень подготовки специалистов. «Мы заинтересованы в дальнейшем развитии центра «Гео-Энергетика», так как мы видим большой потенциал его студентов. Например, выпускники этого центра Жулдыз Тунгышбаева, показавшая свои хорошие знания и навыки была принята на работу в нашу компанию, а Алибек Галиев прошел шестимесячную стажировку. Поэтому сегодня у многих казахстанских выпускников, обучившихся во Франции, есть реальный шанс получить работу крупных французских компаний», – отметил он.

Казахстанско-французский научно-образовательный центр «Гео-Энергетика» осуществляет образовательные программы и научно-исследовательские проекты в области добычи энергетических ресурсов. Центр создан в 2010 году совместно с национальным политехническим институтом Лотарингии (Франция), КазНУ им. аль-Фараби и КазНТУ им. Сатпаева.

Акмарал КУАНЫШЕВА

ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай 29 қарашада "Мен жастарға сенемін!" атты студент жастардың республикалық патриоттық фестивалінің GALA –форумы өтеді



## Х.А. АЛПЫСБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Жақында тарих, археология және этнология факультетінде тас ғасырының зерттеушісі белгілі археолог Алпысбаев Хасан Алпысбайұлының 85 жасқа толуына байланысты еске алу мақсатымен дөңгелек үстел өтті. Шараға факультет ұжымы, ғалымның туыстары және Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты мен Ә. Марғұлан атындағы археология институтының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді факультет деканы т.ғ.д., профессор Жәкен Таймағамбетов «Х.А. Алпысбаевтың Қазақстан палеолитін зерттеуге қосқан үлесі» атты баяндамасымен бастады. Ал Уахит Шәлекенов ғалымның университетімізде жұмыс істеген жылдары жөнінде баяндап, ең алғашқы жазған «Қазақстанның тас ғасыры» пәніне арналған оқу бағдарламасын көпшілікке таныстырды. Ғалымдар Қазақстанның тас ғасыры төңірегінде туындаған өзекті мәселелерді талқылап, оны шешудің жаңа жолдарын қолдану қажеттігін алға тартты. Университет қабырғасында ашылған Геоархеология зертханасы осы сұрақтарға жауап беруге септігін тигізетіні айтылды.

Сонымен қатар Хасан Алпысбаевтың зайыбы, мед.ғ.д., профессор Сейтжанова Хайша Жақыпқызы отбасылық және өмір жайлы естеліктерімен бөлісті.

**А.Б. ҚАЛЫШ,**  
археология, этнология және  
музеология кафедрасының меңгерушісі

## М. БАРМАНҚҰЛОВ ТЕЛЕРАДИОКЕШЕНІ ҮШ БІРДЕЙ ФИЛЬММЕН ТОЛЫҚТЫ

Университетіміздегі «Әл-Фараби» арнасының қоржыны тағы да жаңа фильмдермен толықты. 14 факультет пен жатақханаларға қызмет көрсетіп келе жатқан М. Барманқұлов телерадиокешеніне күні кеше ғана Қазақстан Республикасы телерадиокешені өзінің «Право на счастье», «ЭКСПО 2017» және «Инновационный Казахстан» атты үш бірдей фильмін тарту етті.

ҚазҰУ студенттеріне патриоттық тақырыптағы фильмдер мен бейне-материалдар көрсетуді мақсат санайтын М. Барманқұлов телерадиокешенінің атқарып келе жатқан рөлі айрықша. Арна бұл фильмдерді тәулігіне 2 рет көрсетпек ниетте.

Қазақстанның ұлт пен ұлыстар арасындағы татулығын, бірлігі мен ынтымағын, құқықтары мен бостандықтарын, еліміздің қол жеткізген толағай табыстары мен жетістіктерін, өрлеу деңгейінен хабар беретін бұл фильмдердің тағылымдық мазмұны ерекше.

**Бақыт ӘСЕМБАЕВА,**  
баспа ісі және дизайн кафедрасының  
аға оқытушысы

## ҚХР МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ БӨЛУ ФОНДЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда шығыстану факультетінің магистранттары, шет елде оқып келген 3-4 курс студенттері, ҚазҰУ-да оқып жатқан қытай студенттері Қытай Халық Республикасының мемлекеттік грант бөлу фондының өкілдерімен кездесті.

Кездесуге Қытай Халық Республикасының Алматыдағы мәдениет істеріне жауапты Гао Чн, Қытай грант беру бөлімінің Орта Азия жұмысына жауапты Ли мырза, бас хатшы Лю ханым және қызметкері Уан, ҚХР-дың Алматыдағы генералды өкілдігінің бас хатшысы Ло Шышионг мырза қатысты.

Гао Чн мырза жастардың Қытайда білім алғаннан кейінгі сезімі, пікірлерін тыңдап, екі ел студенттерінің болашақтағы даму көзқарасына жаңа ой тастады. Делегация басшысы Лю ханым делегацияның Қазақстанға бірінші рет келгендігін айтты. Қытай мемлекеттік грант бөлу ұйымы Қытай Халық Республикасының тапсырысымен және басқаруымен қаржылай көмек беретін маңызды мемлекеттік орган. Лю ханым 2012 және 2013 жылғы санақты салыстыра отырып, Қытайда оқып жатқан шетел азаматтарының саны жыл сайын артып келе жатқанын атап өтті. 2012 жылы шетел студенттерінің саны 60 мыңнан асса, 2013 жылы бұл сан 68 мыңға жеткен. Биылғы оқу жылына 12000 жаңа студент қабылданған. Оның ішінде Қытайдың әртүрлі жоғары оқу орындарында білімін толықтырушылар мен ғылым кандидаттары, магистрант пен бакалавриатқа түсушілер көбеюде. Олар тілдік, агрономдық, финанстық, экономикалық, мұнай сияқты әртүрлі мамандықтармен қоғамның сұранысына қарай өз салаларында білім алууда. Докторантураның сұранысы бакалавриатқа қарағанда көбірек. Ол, сондай-ақ экономикалық жібек жол

болашақтағы қазақ-қытай елінің ғылым-білім жібек жолына айналатынына сенім білдірді.

Қытайтану кафедрасының ұстаздары қазақ елі студенттерінің Қытай елі тарапынан бөлінетін гранттарға ие болғандарын мақтан етіп, ҚХР грант бөлу бөліміне және Мәдениет басқармасының Алматы қаласындағы өкіліне шынайы ризашылығын білдірді. Қытайтану кафедрасының аударма ісі мамандығының 1-курс магистранты Салтанат Тастанбекова өзінің Чен Джин педагогикалық университетінде грантпен оқыған бір жылдық оқуын айта келе, сол кездегі алған әсерін ерекше сезіммен баяндады. 4-курс студенттері Марина мен Айгерім өздерінің Қытайдағы Сянь Ша университетінде оқыған ұмытылмас студенттік шақтарын айтып, білімдерінің тереңдеп, аспан асты елінің мәдениеті мен білімін бойына сіңіріп мол табыспен оралғандарын жеткізді. «Да Лен» шетел тілдер университетінің магистратура деңгейін бітірген Әсем және Пекин саяси заң университетінің магистратура деңгейін тәмамдау үстіндегі Айгерім өздерінің мол білімнен нәрленіп, құлшыныспен жұмыс істеуге сақадай сай екендіктерін байқатты.

Демек, ежелгі Ұлы Жібек жолы бүгінгі таңда қазақ-қытай елін бір арнаға тоғыстырып, болашақ жастарға жарқын болашақ пен ашық аспан сыйлауда.

**З. БАТПЕНОВА,**  
қытайтану кафедрасының меңгерушісі;  
**Ж. ЗЕЙНОЛЛА,**  
қытайтану кафедрасының оқытушысы

## ИРАН ЖУРНАЛИСТЕРІ ҚАЗҰУ-ДА ҚОНАҚТА

14-15 қарашада Астана қаласында өткен «Төзімділік және БАҚ» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының Халықаралық медиафорумына қатысуға және осы іс-шара шеңберінде Алматы қаласының қол жеткен табыстарымен танысу мақсатында Қазақстанға келген Иран Ислам Республикасының беделді ақпарат құралдарының тілшілері шығыстану факультетіне арнайы ат басын бұрды. Меймандарды Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері бастап келді.

Тілшілер факультет тынысымен танысты. Олар Қазақстаннан алған әсерлерімен бөлісті. Ирандық туризмге арналған танымал «Сафар» журналының тілшісі еліміздің туризмді дамыту әлеуетінің мүмкіндігі мол екендігін байқағанын, Астана, Алматы қалаларының өздеріне ұнағанын, бұл қалаларда ирандық туристерді қызықтыратын көрікті жерлердің мол екендігін сүйсініспен айтты. Медеу, Шымбулақ кешендерінде түскен суреттерінің әлеуметтік желіде ирандықтар тарапынан үлкен қызығушылықтар тудырып жатқанын, Қазақстанның экологиялық туризм үшін таптырмайтын ел екендігін де атап өтті.

Қонақтар студенттердің сан алуан сауалдарына жауап берді. Парсы тілін оқытатын, Иран мәдениетін насихаттап жүрген осындай факультеттің барлығы қонақтарға жағымды әсер қалдырды.

**Арабтану және ирантану кафедрасы**

## ТӘРБИЕ БАСЫ - РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТА

Қазіргі таңда діннің, сенімнің қоғамда алатын орны ерекше екені мәлім. Студенттерді рухани-адамгершілік және патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында ҚазҰУ-да кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ҚазҰУ-да діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары аясында Алматы қаласының Орталық мешітінің набиимамы және «НұрМүбәрәк» университетінің оқытушысы О.Р. Сейдманов және Алматы қаласының Орталық мешітінің наби имамы Ж. Дулатбаев география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттерімен кездесті.

Шараның басты мақсаты – қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерден, әртүрлі діни ағымдардан жастарымызды

сақ болуға үйрету және ислам дінінің жастарымызды тәрбиелеудегі орны мен рөлін көрсету. Ислам, ең алдымен, адамды білім алуға шақырады. Кездесуде білімнің маңыздылығы мен сол жолда төзімділік пен сабырлық керек екені сөз етілді.

Ислам жалпы қоғамдағы түрлі жамандықтардан тыйып, жақсылықтардың бастауы болатын таза дін екені мәлім. Имам, сонымен қатар жастар арасындағы сыйластық пен бауырмашылықтың болуын, оның жастар арасындағы

маңыздылығын айтты.

Кездесу барысында сөз алған Оралхан Рахматбекұлы студенттерге исламның негізгі парындарын түсіндіре отырып, кейбір діни ұғымдарға талдау жүргізіп берді. Оның арасында студенттердің білім алып жетілуі мен өз ісінің маманы болу парызы амал болып саналатынын айтты.

Сондай-ақ қонақтар жастардың арасында туындап жүрген әр түрлі ислами, яғни діни сұрақтарға жауап берді. Еліміздің тек экономикалық жағынан ғана емес, рухани өркендеуінің жолдары да сөз болды.

**А.Ш. ШАКЕН,**  
рекреациялық география және туризм  
кафедрасының аға оқытушысы

## ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН ҚАДАМ

ұйым жеңіске жетті деген сөз.

Жарыс басталып та кетті. Алдын ала дайындалған 10 бекет межелеген уақытында топтарды қабылдай бастады. Әділдігін беретін әділ қазы алқасы факультетіміздің кәсіподақ комитетінің төрайымы Роза Габдрахимқызы, аға куратор-эдвайзер Ержан Әсетұлы және жарысты ұйымдастырушы Гүлбану Жақсылыққызы әрбір бекеттің қалай топтарды қарсы алып жатқандығын қарап, таңғалысты.

Мақсатқа сәйкес бекеттер: «Бірім-жанов бекеті», «Полимер бекеті», «Органика және ТҚХ бекеті», «Катализ және мұнайхимиясы бекеті», «Физхимия бекеті», «Аналитика және коллоид бекеті» және «Наноматериалдар бекеті». Сонымен қатар «Деканат бекеті», «Әл-Фараби бекеті» және «Жатақхана бекеті» еді.

Негізінде әрбір бекеттердің өзіндік маңыздары болды. Мысалы айтатын

болсақ, «әл-Фараби» бекеті, мұнда ойшыл-ғалым, ұлы философтың туған жылынан бастап, трактаттарына дейін еске түсіріп, алтын ұямыздың қадір-қасиетін бір сезінгендей болды.

Жеңімпаз топтар анықталып, мәреге алғаш болып ХИ-302 «Катализатор» тобы келсе, екінші ОЗХТ-405 «Опана» және үшінші болып ОЗХТ-104 «Титан» топтары жетті. Қалған қатысушы топтар да арнайы дипломмен марапатталып, ой-пікірлерімен және жарыс барысындағы қызықты сәттерімен бөлісті. Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Балақызы Қымызқалиқызы да өзінің алған әсерін ортаға салып, бұл шараның жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде тиімді құрал екендігін жеткізді.

**Г. Ж. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,**  
физикалық химия, катализ және  
мұнай химия кафедрасының аға  
оқытушысы, х.ғ.к.

На факультете журналистики состоится презентация и первое заседание клуба для молодых журналистов, освещающих экономическую тему



**Сәуле ЕРМҰХАМЕТОВА,**  
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы  
меңгерушісінің оқу ісі жөніндегі орынбасары, з.ғ.к., доцент:



**- Құқықтық сауаттылықты қалай түсіндіре аласыз? Қоғам арасында құқық бұзушылықтардың көбею себептері неліктен?**

-Қазіргі заман талабына сай әрбір адам құқықтық жағынан сауатты болуы талап етіледі. Қандай салада болмасын әрбір азамат құқықтық сауатты болуы қажет. Жастар арасындағы құқықтық сауаттылықты дамыту олардың болашақта қоғамда жан-жақты болуына және құқық бұзушылықтың алдын алуында негіз болып табылады. Қоғам арасындағы құқық бұзушылықтың көбею себептерінің бірі – құқықтық сауаттылықтың болмауы деп айтуға болады. Азаматтар арасында, оның ішінде жастардың құқықтық сауаттылығын дамыту – құқық бұзушылықтың алдын алуы.

**- Студенттер қандай жағдайда құқықтық жауапкершілікке тартылып жатады?**

-Студенттер қазіргі кезде құқықтық жауапкершіліктің барлық түрлері бойынша тартылады, оның ішінде ең көп кездесетіні әкімшілік жауапкершілік болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық – мемлекеттік немесе қоғамдық меншікке, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандығына қол сұғу әрекеті. Студенттер көп жағдайда осы әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын айттым. Студенттер көбінесе жатақханада тұру ережелерін бұзу, қоғамдық орындарда темекі шегу деген секілді құқықбұзушылық субъектілері болып табылады.

**- Жастар өз құқықтарын біле ме? Жастар заңды тұрғыда өз мүддесін қорғауда қауқарсыз. Оның себебі неде?**

-Заңға деген сенімсіздік тек

адамның өзіне байланысты болады. Жастар арасында қалыптасатын құқықтық нигилизм немесе құқықтық сауаттылықтың болмауы жастардың өз құқықтарын білмеуге және оны қорғауда қауқарсыз екендігінің себебі болып табылады. Заңға деген сенімсіздік жастардың өзінің құқықтарының қорғалуы қажеттілігі туындағанда оны қорғамау немесе қорғауға тырыспау себебінен болады. Жастардың барлығы өздерінің құқықтарын білмейді деп сенімділікпен айтуға болмайды. Қазіргі заман жастарының көбі өздерінің құқықтарын біледі және оны қорғай алады.

**-Заң жастарды қорғай ала ма?**

-Әрине, заң жастарды қорғай алады. Жастар мемлекеттің болашағы болғандықтан, оларды қорғау - басты міндет. Қазақстан Республикасының жастар саясаты туралы заңы бар. Бұл заң жастардың әлеуметтік құқықтарының, саяси құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

**- Елімізде жалпы еңбек құқығы қалай қорғалады?**

-Еңбек құқығының бұзылуы жұмысшыларға уақытылы ақының төленбеуінен, еңбек шартының жасалмауынан, заңсыз жұмыстан шығару және т.б. жағдайда көрінеді. Бұл ең көп кездесетін еңбек құқығы саласындағы құқық бұзушылықтар болып табылады. Бұл қатынастар мемлекеттің қорғауында болады және осы қатынастарда қорғауда прокуратура тек бақылауды ғана жүргізбейді, оның қорғалуымен, Конституциямен бекітілген құқықтарды қамтамасыз етеді.

**-Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу дегеніміз не? Мақсаттары қандай?**

## “ҚОҒАМ АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ КӨБЕЮ СЕБЕПТЕРІНІҢ БІРІ – ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ БОЛМАУЫ”

-Азаматтық құқық – азаматтық заңнамада көрініс тапқан, мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтін құқық саласы. Азаматтық құқықтың мақсаты – азаматтық заңнамамен реттелетін қоғамдық қатынастардың қорғалуы. Ал азаматтық іс жүргізу – азаматтық істерді сотта қараудың және шешудің тәртібін, сондай-ақ соттардың және басқа да органдардың қаулылары мен шешімдерін орындау тәртібін реттейтін құқық саласы. Азаматтық іс жүргізу құқығының мақсаты – азаматтық істер бойынша сот төрелігін асыру саласында процессуалдық, субъективтік құқықтардың қорғалуы.

**-Кафедраларыңыздың тыныс-тіршілігіне тоқталып өтсеңіз?**

- Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы факультеттің негізгі кафедраларының бірі. Бұл кафедра барлық азаматтық-құқықтық цикл мен еңбек құқығының білім беру үдерісін қамтамасыз етіп отырады. Кафедра университеттің айқындалған негізгі қызмет ету бағытына сәйкес қызмет етуде. Қазіргі кезде индикативтік жоспар оқытушылардың тәрбие жұмысына

белсенді қатысуын қамтамасыз етті.

**-Күні кеше ғана ҚР судьяларының VI съезі өтті. Ол құқықтық қорғау жүйесіне қандай өзгерістер әкеледі?**

-Судьялар съезі – сот жүйесінің жұмысын жандандырады. Қазақ Республикасында сот төрелігін соттар ғана жүзеге асырады және сот төрелігін жүзеге асыруда судьялар тәуелсіз болуы тиіс. Судьялар съезінің негізгі мақсаты судьялардың кәсіптік, адамгершілік және моральды ұстанымдарының беріктігін қалыптастыру болып табылады. Судьялар съезі құқықтық жүйені одан ары дамытып, жетілдіреді және сот жүйесінің жұмысын жетілдіру мақсатында Президентіміздің судьялар қатарын көбейту туралы тапсырмасын қолдаймыз. Бұл судьялар жұмысын жеңілдетеді және болашақта судьялар саны көбейсе, жоғары оқу орнын бітірушілер үшін ынталандыру болып табылады.

**-Сұхбаттасқаныңызға рахмет!**

**Сұхбаттасқан,  
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**





## СОСТОЯТЬСЯ В ПРОФЕССИИ

В научной среде женщина-профессор до сих пор явление уникальное. Вызывает уважение умение слабой половины успешно совмещать высокие стремления в науке и личной жизни. У Шарван Исаковны Нургожиной, одного из трех профессор-женщин факультета журналистики, круглая дата – солидная для педагога, пора активной зрелости для ученого. Время, когда человек с благодарностью вспоминает прошлое и, обогащенный этим жизненным опытом, готов к новым свершениям.



Шарван Исаковна родилась 26 ноября 1933 года в Семипалатинске, на родине дая. Этот город негласно всегда был духовным и культурным центром Казахстана. Отец ее происходил из древнего рода Матай. Будущий профессор училась в обычной средней школе № 1 им. Н.Г. Чернышевского. В 1976 году поступила в КазГУ им. С.М. Кирова на факультет журналистики. Студенческие годы, наполненные не только учебой, исследованиями, но и поездками на сборы картошки, табака, яблук, жаркими спорами и первыми открытиями, они были безусловно, самыми счастливыми и запоминающимися. «Учеба в КазГУ дала мне, прежде всего, профессию, знания. Магия самой науки, прекрасные педагоги, мое рвение – сделали свое дело. Благодаря журналистике, которая в свое время захватила меня, мое воображение, мечты, я побывала в разных уголках Казахстана, России, Узбекистана, в незнакомой Америке, где получила опыт, пригодившийся мне в дальнейшем», - рассказывает Шарван Исаковна.

В 1976 году, когда учеба осталась позади, а в кармане был заветный диплом, молодая журналистка получает распределение и возвращается на малую Родину – в Семипалатинск, на студию телевидения. Здесь, с должности редактора началась профессиональная карьера Шарван Исаковны. Четыре интереснейших года в самом эпицентре телевизионной журналистики: сначала ежедневный выпуск новостей, затем собственная программа на темы производства, строительства и сельского хозяйства. Работа в кадре, за кадром, за монтажным столом, в студии, прямо эфире... Да, разве все перечислишь? Это была настоящая профессиональная школа мастерства, пусть даже на провинциальной студии телевидения. Однако именно в такой ситуации закаляется характер, формируются принципы: доводить начатое дело до конца, не бояться брать ответственность на себя, стремиться к совершенству. Кстати, с собственных экономических программ и начался интерес к экономике, позже определивший круг научных изысканий.

Перспективного сотрудника заметили в столице, переманили в Казахскую студию алматинского телевидения. Восемидесятые уже ознаменовались приглашением на преподавательскую работу.

Ее послужной список говорит о верности профессии: преподаватель кафедры телевизионной и радиожурналистики, доцент кафедры журналистского мастерства и литературного редактирования, заведующая кафедрой издательского дела и литературного редактирования, заместитель декана факультета журналистики, заведующая кафедрами телевизионной журналистики, затем менеджмента СМИ и рекламы, затем печати и Интернет-журналистики КазНУ им. аль-Фараби, профессор.

Редкий случай в истории факультета – Ш.И. Нургожина была заместителем у пяти деканов. Учебный процесс и работа учебно-методической документацией – далеко не все сферы, в которых она прекрасно

ориентируется. Когда в университете открывалась магистратура, она была первым руководителем магистратуры по специальности «Журналистика».

Возрождение производства, экономическое строительство, минимизация зависимости от сырьевого сектора, деловой менталитет казахстанцев – темы, которые интересовали Шарван Исаковну с научных позиций. С 1986 года, будучи молодым преподавателем факультета журналистики, она активно занимается научно-исследовательской деятельностью, в частности проблемами освещения вопросов экономики в печати. В 1989 г. защитила кандидатскую диссертацию, в 2004 - докторскую на тему «Экономическая пресса Казахстана: теория и практика функционирования, перспективы развития».

90-е годы явились переломными в творчестве Ш.И. Нургожиной. В этот период она активно публикуется, исследует новые пласты отраслевой журналистики, развивает национальный сектор экономической журналистики, изучая вклад великих публицистов – А. Байтурсынова, А. Букейханова, М. Дулатова и других в дело организации и становления казахстанской производственной сферы. Новый взгляд на роль отечественной журналистики в развитии экономики, исследование факторов конструктивного влияния деловых СМИ на базовые позиции бизнеса, сферы крупного, среднего и малого предпринимательства позволили профессору Ш.И. Нургожиной успешно прогнозировать основные тренды экономического сектора страны.

Не случайным стало приглашение в ведущий вуз Соединенных Штатов Америки, Оклахомский государственный университет. Осенью 1999 года в течение семестра, Шарван Исаковна получила прекрасную возможность изучить опыт двухступенчатого процесса высшего образования (бакалавриат - магистратура). Дело было для Казахстана новое, перенимать его бездумно, «пересаживая» готовую модель на отечественную почву – недальновидно.

В 2006 г. Ш.Исаковна проходит стажировку в Российском университете Дружбы народов, затем в Праге. «Надо было взять лучшее и адаптировать к нашим реалиям. Журналистское образование строится по своим законам. Мы работаем с ценным капиталом, будущими лидерами мнений социума – журналистами», - признается Шарван Исаковна.

В этот период Ш.Исаковна активно работает как ученый-методист. Появляется цикл материалов, посвященных инновационным формам образования.

Двухтысячные года стали вековыми для всей страны, КазНУ и факультета журналистики. Экономический кризис был преодолен, образование вышло на новые рубежи, КазНУ успешно интегрировался в мировое пространство, стал узнаваем, поднялся по рейтинговым ступеням. Это период ежедневных свершений: новые стандарты, и специальности (факультет получает лицензии на специальности «Международная журналистика», «Связи с общественностью», «Дизайн» и др.), кредитная система. По признанию самой Шарван Исаковны, её огромное счастье и редкая удача в том, что она трудилась и работает до сих пор рядом с замечательной плеядой умнейших и талантливейших ученых – профессорами А.И. Идрисовым, А.Ф. Мархабаевым, Н.О. Омашевым, С.К. Козыбаевым, К.Х. Камзиным, Б.О. Жакыпом, Г.Ж. Ибраевой, Л.С.Ахметовой и другими.

С большой нежностью профессор Нургожина вспоминает своих учителей – Т.С. Амандосова, К. Бекхожина, Т.К. Кожакеева, М.К. Барманкулова, Ю.А. Крикунова, В.Н. Пурица. «Хороший человек, прошедший через твою судьбу, оставляет шлейф приятных воспоминаний. Даже в сложное время мои учителя оставались людьми цельными и мощными. Их ценности не

Одним из ярких представителей первооткрывателей месторождений нефти и газа Казахстана, выпускников геолого-географического факультета КазГУ является геолог-нефтяник Айтбаев Кайыржан Абдильдинович. Он родился 1 декабря 1932 г. в ауле Канафия Азовского района Омской области. В 1954 году поступил на геолого-географический факультет Казахского государственного университета им. С.М.Кирова, который закончил в 1959 году по специальности инженер-геолог, нефтяник.



## СЛОВО О НАШЕМ ВЫПУСКНИКЕ

Трудовая деятельность К. Айтбаева начиналась с помощника бурильщика, затем – коллатор, далее работал старшим геологом, главным геологом КОИС Мангышлакского геологического треста. В этот период (1959-1966) работал в Атырауской области (Эмба), где с его именем связано открытие и освоение месторождений «Боранкул», «Кара Арна», «В.Прорва», «Ц.Прорва», «З.Прорва» и «Актобе». На Мангышлаке он также участвовал в разведке и освоении месторождений: «Карамандыбас», «Жетибай», «Узен», «Тенге». В 1984 году награжден дипломом и нагрудным знаком «Первооткрыватель месторождений» Министерства геологии СССР.

В 1966 году К. Айтбаев был приглашен в Южно-Казахстанскую область, где непосредственно руководил геолого-поисковыми работами по нефти и газу. За этот период (1966-1977) были открыты 7 месторождений газа («Северный Учарал», «Айрақты», «Жарқум», «Придорожное», «Амангельды», «Орталық» и «Северное Придорожное»), а в Чу-Сарысу́йской впадине (Джамбу́льская область) проведена доразведка месторождения «Учарал-Кемпиртобе». По итогам разведки была установлена новая газогелионосная провинция. За эти заслуги Айтбаев К. был награжден дипломом и знаком «Первооткрыватель месторождений» Республики Казахстан (1996).

При участии Айтбаева К. в Тургайской впадине разведены и освоены месторождения: «Центральный и Южный Кенлик», «Карабулак», открыты «Есжан», «Арыское», «Восточный Акшабулак», «Ақтау». В этой впадине на структуре Кенлик впервые из палеозойских отложений получен промышленный приток нефти и газа, чем доказана перспективность этих отложений. Все практические и теоритические изыскания Айтбаева К. легли в основу пятилетних планов 70-х, 90-х гг.

В это время впервые наряду с сейсморазведочными работами в южных регионах был внедрен метод структурно-профильного бурения для привязки сейсмоотражающих горизонтов, благодаря которому впервые в Тургае, а в последующем на структуре Кумкол были обнаружены месторождения нефти и газа. Опыт многолетних трудов отразился в успешной защите кандидатской диссертации в 1976 году.

В 1977-1992 годы в должности начальника партии опытно-методической экспедиции Министерства геологии КазССР занимался разработкой и внедрением эффективных методов автоматизации систем процессов бурения и подсчетом прогнозных запасов нефти и газа Казахстана. С 1992 по 1998г. был главным специалистом управления охраны недр МГРК и ЮКТУОН. Таким образом, Айтбаев К. непосредственно руководил и участвовал в открытии, разработке и освоении более чем 30 месторождений нефти и газа по Казахстану.

Большой вклад нефтяников республики позволили Казахстану довести добычу нефти в настоящее время до 80-90 млн. тонн, тогда как в начале трудовой деятельности Айтбаева К. добыча нефти по республике составляла 1,7 млн. тонн.

В первые годы независимости, когда наша страна получила право самостоятельно распоряжаться собственными природными ресурсами, возникла необходимость в высокопрофессиональных специалистах, которым по силам вывести нефтегазовую отрасль на новый уровень.

В этот период (1988г.) К.Айтбаева как опытного нефтяника пригласили наставником и соучредителем нефтегазовой компании «Саутс-Ойл», президентом которого был доктор технических наук Серикжан Сеитжанов. Несмотря на свой возраст, К.Айтбаев активно включился в работу, и если в первые годы в компании работали всего 40-50 человек, то сегодня трудятся около 800 человек. Это ли не подтверждение высокого профессионализма руководителя компании «Саутс-Ойл», в том числе и К.А.Айтбаева!

В предверие юбилея нашего университета профессорско-преподавательский состав факультета географии и природопользования поздравляет одного из старейших выпускников нашего факультета К.А. Айтбаева с 81-летием со дня рождения и желает ему крепкого здоровья и больших успехов в деле освоения недр нашей республики.

С.А. КУСАИНОВ,  
лауреат премии «Білім сардары», профессор КазНУ

менялись от времени года и дуновения политической ситуации», - признается она.

Ш.И. Нургожина человек пишущий. Неинтересных тем для нее не существует, сказывается журналистская практика. Более 120 научных публикаций посвящены проблемам журналистики, менеджмента и экономики средств массовой информации, изучению транзитного периода экономики, приватизации, формированию налоговой системы суверенного Казахстана и др.

В трудах Ш.И.Нургожиной были впервые выявлены тенденции развития экономической журналистики суверенного Казахстана, разработаны требования к журналистам, пишущим на экономические темы, проанализированы издания делового характера, вновь появившиеся

на информационном поле страны. Шарван Исаковна – автор семи учебных пособий и монографий. По итогам работы в 2005 г. была заслуженно удостоена Гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан «Лучший преподаватель вуза».

Ученики профессора Ш.И. Нургожиной достойно представляют отечественную журналистику в самых разных средствах массовой информации Казахстана и за рубежом.

Коллеги и многочисленные ученики сердечно поздравляют Шарван Исаковну с юбилеем, желают ей здоровья и новых профессиональных и личных побед!

Е. И. ДУДИНОВА,  
Л. И. МУХАМАДИЕВА  
доценты факультет журналистики

Ученые КазНУ приняли участие в работе Экономического форума специальной программы ООН для экономик стран Центральной Азии





## Дүбірлі жылдар шындығы

**Ғ. Мұстафин «Дауылдан кейін» романында Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ ауылындағы күрделі өзгерістерді жеткізу идеясын негізгі нысана етіп алады. Қазақ әдебиеті тарихында үстем тап өкілдерін өз халқына зәредей жаны ашымайтын зорлықшыл, қатыгез адам бейнесінде көрсету үрдісі болған. Алайда жазушы «Дауылдан кейін» романының сюжеттік желісінде жалаң тұжырым жасап, жағымсыз кейіпкерді алдын ала ұнамсыз етіп көрсетуге асықпайды. Ол қат-қабат өмір оқиғаларын әсірелемей, ақиқаттан алшақ кетпей баяндаушы, қырағы шежіреші сияқты. Романның өн бойында кесек істерімен көрініп отыратын Шәкен тобы, ескіліктің қайтып келуінен үмітті үстем тап өкілдері өздерінің адами қалпын, көздеген арман-мақсаттарын, түпкі ниет-пиғылдарын істеген істерімен, ой орамдарымен байқатады. Жаңа заман тәртібі мен қоғамдық даму, осыған орай қазақ дүниетанымында, мінез-құлқында пайда болған өзгерістер – романның негізгі тақырыбы.**

Романның басты кейіпкері Аман – серілікпен күн кешкен орта шаруа өкілі. Ол тап күресіне бірден бел шешіп кіріспейді. Оны жаңа экономикалық саясат тұсындағы талас-тартысқа өмір талқысының өзі әкеліп киліктіреді. Аман Сыздықтың жалғыз атын лауға мініп, сіңіріп кетпек болған Шөгелді аттан аударып алып, мүсәпір кедейге араша түседі. Басты кейіпкер әділетсіздікке қарсы осылай бас көтереді. «Мен көбінесе момын кейіпкерімнің ашу шақырғанын, ызадан қайнап, қайратты бір іске барғанын ұнатамын. Ол үшін сол момынды түрлі қиынға саламын. Не түңілтемін. Бір күні ол ойламаған жерден мінез шығарады. Соны бақылаймын. Алдағы болар бір оқиғаның себебін іздеймін. Себепсіз образ жоқ» дейді жазушы.

Аман образының тартымды тұсы – оның айғайшыл белсенді болмай, уақыт талабын, кез келген жағдайдың түпкі себебін дұрыс түсініп, қоғам дамуының келешегін болжай білуінде. Ол көп жайттардың мән-маңызын өзінше ұғынады. Келмеске кеткен қазақтың көшпелі тұрмысының соңын ала апатты отырықшылықты, күнкөрістің ел-жұртқа тиімді түрлеріне көшуді уағыздайды. Оның: «...ел деген атымыз бар, елдік мұрамыз бар ма, бабаларымыз із қалдырмай, сөз қалдырыпты, оның өзі жиюсыз шашылып жатыр, ұшан-теңіз жерге иеміз. Оның да түгін сорып, суын ғана ішеміз. Ішін ақтарып, ішін әлі ала алмадық» деген сөздері сол кезеңнің сауатты адамының ой-пікірі ретінде қабылданғаны жөн. Қазақтың азық-түлікті, астықты, бүгін керек-жарақты сырттан алуы – елді өзге жұртқа тәуелді ететін жол. Жазушы небір сынаққа салатын

басты кейіпкер осыны өте жақсы түсінеді.

«Дауылдан кейін» романындағы Аман да, «Көзкөргендегі» Сарбала да жазушының өзіне ұқсайды. Өйткені Ғабиден Мұстафиннің де 1918 жылдан 1925 жылға дейін ауылда болып, Кеңес өкіметінің ісіне белсене араласқаны мәлім. 1925 жылдың көктемінде сол кездегі Қазақстан астанасы Қызылорда қаласына оқу іздеп келеді. Шығармадағы Аманның үнемі өз ойымен жүруі, сырты тыныш болғанмен, іштей мазасыз болуы өмірде кездескеннің, күмәнсіз дегендердің талайына күмәнмен қарауы, өзіне қоятын шетсіз-шексіз сауалдарының болуы – бәрі-бәрі жазушының өзіне тән қасиеттері екен. «Жол үстіндегі сыр» деген әңгімесінде қаламгер өзі туралы былай дейді: «Кейде жақсы дегенім жаман, жаман дегенім жақсы болып шықты. Табынған адамдарымнан таяздық байқалды. Соның бәрі дүниеге сыни көзіммен қарауды, онша алысты көре алмасам да, аяқ астын көрерлік қолға бір шырақ ұстауды үйретті».

Ғабиден Мұстафин – әдебиетімізге тың сөз тіркестерін қосқан жазушы: «Сөзінен қуаныш, өңінен аяныш; Суы сүтке айналып; Күнқақты, кетпес басты; Шалыс азу; Науыт болған еңбек» және т.б.

Жазушының нақыл сөздерінде де тапқырлық, ойлылық бар: «Бақ кейде тауып, кейде ауып қонады, ауып қонса есіртеді, тауып қонса есейтеді. Дарақы мырзалықтан сарабдал сарандықтың өзі артық». Қаламгер шығармаларында осындай нақышты, нанымды, тәрбиелік, тәлімдік мағынасы зор қанатты сөздер өз жүйесін тауып, жалғаса береді.

**Пазылбек БИСЕНБАЕВ,**  
қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының аға оқытушысы



**Мен әрдайым бүгінгіні, шамам келгенше – ертеңгіні жаздым. Жазушы – алдымен, өз дәуірінің жаршысы. Мен өз бойымдағы бүкіл дарыным мен күш-қуатымды... халық мүддесіне қалтқысыз, алаңсыз бағыштаған жазушымын. Менің творчествомның өзегі, арқауы, негізі жаңа заман, жаңа адам.**

**Ғабиден МУСТАФИН**

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Ғабиден Мұстафин мұрасы – 20-40 жылдардағы Қазақстанның көркемдік шежіресі. Жазушы шығармаларынан ескен шындық дән салмағынан басын көтере алмай, маужырай тербелген қалың бидай мен гүрсілдеген шыңырау шахтаны аралатып, туған өлкеге көз жібертеді, еңбекке толы уақытты, қарапайым еңбек адамын көресіз. Ғабиден Мұстафин жағымды кейіпкерлердің тұтас бір тізбегін жасады. Олар жарқын болашақ үшін батыл күресіп, ел-жұртының арман-тілегі, мүдде-мақсатының орындалуына аянбай ат салысты, азаматтық тұғырдан түспеді. Өз заманымен тығыз байланысып, күш-қуатын уақыт алдындағы борышты өтеуге арнау, өз замандасына аянбай қызмет ету, еңбек адамының ой-арманын, баянды ісін мадақтай жырлау, белсенді күрескер биігінен таймау – Ғабиден Мұстафиннің рухани келбеті.

Жазушының жолы қандай қиын болса да ол көркем әдебиеттен қол үзіп кеткенімен, журналистік жұмыс оның қаламын төселтіп, өмір тәжірибесін молайта түскен еді. Болашақ жазушы Сәбит Мұқановқа еліктеп әңгімелер де жазды. Сондықтан да ол жаңа астана Алматыға, әдеби ортаға қайтып келгеннен кейін өндіріп жаза бастайды. «Өмір не өлім» атты алғашқы романы, колхоз совхоз сахналарына арналған шағын пьесалары жарық көрді.

## ҚАЛАМГЕР МҰРАСЫ

Ғ. Мұстафин өзінің шығармашылық ұзақ жолында өндіріс тақырыбы мен ауыл шаруашылығы тақырыбын қатар қамтып, екі салада да өнімді еңбек еткен жазушы. Кезінде оқып, білім ала алмағанына қарамастан, өзінің тынымсыз ізденісі арқасында, орыс, қазақ жазушыларынан үйрену арқылы шеберлігін шыңдап, өзі айтқандай, «өмірдің алдын орауды» мақсат етеді. Соның нәтижесінде оның қаламынан туған шығармалар қазақ әдебиетіндегі сол тақырыпқа жазылған бірінші шығарма болып келеді. Ақырын жүріп, анық басып, әділеттен айнымауды өз өмірінің шырағы етіп ұстанған ұлағатты қаламгердің әр шығармасы халқын рухани сусындатуға қызмет етті. Осындай шығармаларының бірі – «Дауылдан кейін» романы. Шығарма Аман деген бозбала арқылы ауылдағы қойшының қасқырмен арпалысы басталады. Ауылдың көк майса шөбі о бейнеленген. Жайлаудағы мал баққан малшылардың еңбегі, қасқырмен алысқан шопан өмірі де суреттелген. Ең алғашқы совет өкіметінің рухына жастарды тартып, тәрбиелеуден басталады. Қазақ жастарының Ақмола, Орынбор, Мәскеуде білім алуы сөз болады. Ең алғашқы қала өмірін бірінші рет көрген біздің кейіпкеріміз арқылы сол қоғамдағы өмір шебер бейнеленеді. Қаламгер туындылары ерекше қуат-жігерге, қуанышқа толы. Жазушы қаһармандары – өз еңбектерімен тарихи табыстарға жеткен жандар. Олар аға буынның қажырлы рухын, биік мақсаты мен арманын, мағыналы ғұмырын паш етеді. Жомарт, Жанат, Алма секілді жастардың халық алдындағы перзенттік, азаматтық парызды ақтау талабынан туған ізденісі мен махаббатты қастер тұтатын қасиеті – қазіргі ұрпақтың рухани тәрбиесінде жәрдемі болары сөзсіз. Мұстафин шығармаларының елеулі ерекшелігі оның өзіндік стилінде. Ол сөйлемді қысқа құрып, аз сөзге көп мағына береді. Тілі қарапайым да жатық, ұғымға жеңіл, оралымды, ұтымды. Халықтың қанатты, бейнелі сөздерін орынды пайдаланумен қатар өз тарапынан да өткір, ықшам сөз тіркестерін жиі қолданады. Әдеби-сын мақалаларында елдің, ұлттың жайын қозғап, әдебиеттің бүгінгі мен ертеңі, дамуы турасындағы тың ой-тұжырымдарын жазды. Әдетте, жазушының ізденісі мен өмір жолы көркем шығармасында із қалдырып, ел басынан кешкен тарихи оқиғалар сайрап жатады. Ғ.Мұстафин мұрасы – осынау қағиданың дәлелі мен айғағы.

**Айгерім ҚЫРҒЫЗБАЕВ**  
филология, әдебиеттану және әлем тілдер факультетінің 2 курс студенті

### Ғ.Мұстафин «Дауылдан кейін», «Ауыл таңы» бөлімінен үзінді, 15 б.

... Ортадағы шаңқан ақ үйдің екі ашпалы сырлы есігін бірден ашып, жұртты бастай мырза енгенде, шәлісі әлі түспеген жас келіншек қарсы жүрді. Мырза шляпасын ұсына берді. Келіншек апарып, оюлы адалбақанның қошқар мүйіздер көп тармағының ең жоғарғысына ілді. Тағы не бұйырасыз дегендей сылаңдап тұр. Түлкідей қызыл, қозғалысы да түлкідей етті. Именген, қымсынған болады. Бірақ кішірек қара көзі қымсынар емес: үлкен сырға ұя боларлық терең, мөлдір, әрі өткір, әрі байыпты. Жұрт отырып болған соң, болскей ақ керуеттің аяқ жағындағы өз орнына



сылқ етпей, сыпайы барып отырды. Әлі ешкімге тура қараған жоқ, барлық көз оған, қадалуда. Соны сезгендей төмен қарап, көк торғын көйлегінің желпейімен ойнай берді.

Келіншек қанша қызықты болса, осы үйдің көркі де сонша қызықты. Совет үкіметі орнағаннан бергі төрт-бес жылда тығулы жататын ақ үй биыл шықты жайлауға. Төрт-бес жылдан бері мырзаның ашылмаған қабағы биыл ашылайын деді, жасты көзі биыл құрғайын деді. Бұның бірі де сұлу келіншектің қуанышы емес, келіншектің өзі қуаныштың жемісі...

### Ғ. Мұстафин «Дауылдан кейін» романы, «Қан» бөлімінен үзінді, 454 б.

...Шәкен тұрып кетті. Ойы, өңі түндей қап-қара.

Тура үйіне барды. Қайғы басып қалжыраған Шолпан жантайған күйінде бүктүсе ұйқтапты. Ақ тамағы шамға шағылысып көрініп жатыр. Шәкен шұқшия қарап тұр. Ыза кернеп тойған сүлікше тырс-тырс етеді. Көз тамырлары қанталаған, қып-қызыл. Үні жөнді шықпайды. Булығы сөйлейді:

...Өзімдікі дегенімнің бәрі өзгенікі болды. Соқа басым ғана қалды. Аспан алақандай –ақ. Жер тебінгідей-ақ. Үміт кесілді, тыныс тарылды. Ақ өлім маған бұйырмады. Қара өлім тірідей көмді. Түбіңе қарап үңілдім де, түңілдім сенен сұм дүние! Жар емес, жасырын енген сұр жылан мынау, қойныма! –деді де Шәкен Шолпанның үстіне қона түсті. Шолпанның бір-ақ рет ащы даусы естілді. Толық денелі, буырыл бас Шәкен қозы бүрген ақ бас күшігенге ұқсайды қазір. Бүріп жатыр...

Аман мен Таймас кіріп келді. Қапелімде бұлар түк сезген жоқ еді. Атып тұрды Шәкен. Аман алтыатарын суырып алғанда, қанға боялған қара пышақты тастай беріп қолын көтерді. Таймас барып қолын артына байлап тастады. Адхам, Қазанғап жетті жүгіріп. Шырылдап Азат оянды...

–Шолпан! Шолпан! ... Әттегене-ай, әнтек бұрын келсем!... – деп Аман сылық отыра кетті де, еңіреп жіберді. Шолпанда дыбыс жоқ, қан жүрегінен жылымшылап ағып жатты. Шәкенді алдына салып Адхам үйден шықты...

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

**«Сұңқар» студенттік көсіподағының 15 жылдығына орай өткен КВН кубогын  
ФӘЖӨТ факультетінің «Таң қалмаңыз» қыздар командасы жеңіп алды**





**Алтын Құдайбергенова.** Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында 1993 жылы 3 наурызда дүниеге келген. Адамға рухани жағынан дем беріп, үнемі сусындатып отыратын туған жердің тұмса табиғаты, ондағы аңғал ауыл адамдары екені дау туғызбайды. Шығыстың сұлу табиғаты бала қиялына ерекше әсер етіп, әдебиетке деген талпынысын оятты. Сол қызығушылықтары бала Алтынды өзіндік құпиясы мол қызық әрі қиын сала журналистикаға жетеледі. Оның өмірдегі ұстанымы – «Әркім өзі талпынбақ, басына бітер бағы үшін».

Ол – ҚазҰУ-да Баспа ісі және дизайн кафедрасының 3 курс студенті. Назарларыңызға Алтынның бірнеше әңгімелерін ұсынып отырмыз.

## АЛМАТЫҒА ҚЫС КЕЛДІ

Апыр-ау, бір-ақ түнде қыс келген бе?!  
Қар ғой мынау, бір түнде түскен жерге  
Бір түнде мына аймақтың өңі өзгеріп.

Бір-ақ түнде керемет істелген бе?! – деп Мұқағали Мақатаев айтпақшы, Алматыға қыс келді. Жер бетіндегі адамдардың пендешілікпен жасаған күнәларын бір демде бүркеп, жасырып тастағысы келгендей, айналаның бәрі аппақ. Бейне бір аспан мен жер астасып кеткендей, аппақ әлем, аппақ қар. Ағаштар мен шыршалардың басына онақтаған ақ мамық та белгілі бір үйлесімділікпен, жарасымдылықпен орналасыпты. Жапалақтап жауған ақ ұлпа қар төменге қарай құлдилауға асық. Жер бетіндегі жауыздық пен жамандық, тұрақсыздық пен мейірімсіздік, жиіркеніш атаулының бәрін жойып, дүниені ақ нұрға бөлегісі келгендей.



Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКУЛЫ

Биік қырды, Алатаудың ақ бас шыңдарын да ақ ұлпа басқан екен. Күннің алтын түстес сарғыш сәулесі тау биігіндегі ақша қарға ойнап шыға келеді. Әсіресе таңғы сәуледе таудағы қар күн нұрына шағылысып ойнайды, сан құбылады, тау шыңдары күміспен аптағандай жалт-жұлт етеді, құлпырады.

Адам баласы өзі жасаған, өз қолымен соққан, әлде өзі жасайтын затын ғана шегіне жеткізіп суреттеп бере алатын сияқты. Ал табиғаттың өзі жасаған сұлулықты қаз-қалпында бейнелеу ешкімнің қолынан келмесе керек. Алматының биылғы қысы да нақ сондай табиғаттың жасаған ерекше көз тартар бейнесі. Оны тек көре білу, сезіне білу керек.

## Жүректелі жібек сезім

Асқарлары көк аспанмен таласқан заңғар тау, тау алқаптарынан құлдига қарай сыңғырлай аққан тұнық та таза бұлақ, маңайды сәнге бөлеген қылқанды, жапырақты ормандар, жидек бұталары, сан алуан өсімдіктер, сайраған құстар, мөп-мөлдір, көгілдір өзендер мен көлдердің о шеті мен бұл шетіне көздің ұшы жетпейтін шетсіз де шексіз гүлденген ұлан ғайыр алып өлке. Ол – менің өлкем, туып-өскен мекенім – Қазақстан!

Өсермін, өміріңді жайнатамын,  
Жерімнің жеткіземін айға атағын.  
Шын сүйген ұланыңның анты деп біл,  
Осы бір өлеңімнің әр қатарын, – деп ақын Т. Айбергенов жырлағандай, елімнің, жерімнің әрбір ағашы, тау-тасы да мен үшін аса қымбат. Оның саф ауасы, аспанмен таласқан заңғар таулары көк майсасы, жүздеріне мейірім ұялаған адамдары әрдайым менің жүрек түкпірімде.

Менің туып-өскен жерім – қойнауы құтқа толы, қара ағаштары қаз-қатар жол үсті емініп, тамылжып тамыз жеткенде жемісі төгіліп тұратын Сауыр, Сайқан, Маңырақ тауларымен астасқан, талай ақын-жазушылардың шығармашылығына арқау болған Зайсан өңірі. Табиғатының көркемдігін тілімен жеткізіп айту әсте мүмкін емес.

Оған Асан қайғы бабамыздың Сауыр жайлы “Аттың сауырындай толысқан, кесіп алып кететін жер екенсің, шіркін”- деген сөздері дәлел бола алады. Осы бір өлке менің балғын балалығымның куәсі. Мынау ғазиз дүниенің қалтарысы мен бұлттарысы, қиындығы мен өкініші басыма түскенде осы мекеннің көшесін үнсіз жаяу аралайтынмын. Қатпар басқан қара жер, аппақ бұлттармен көмкерілген көгілдір аспан, үнсіз дала. Менің досым да, ақылшым да, жолдасым да – осылар, ғажайып ауылдағы таңғажайып сырластарым. Ауылым маған сонымен де ыстық, құдды бір қимасымдай...

Үйдің маңындағы аулада ойнаған кездерім, мектепке барған күндерім әлі есімде. Сол кезде маған көше бойы таусылмайтындай, шегі жоқ, үлкен болып көрінуші еді. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар қиып болатын. Иә, туған жер ұзаққа қиып жібермейді. Әрдайым оймен қиялдап, туған жерді, туған көшені, еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Иә, бұрын мен туған өлкем деп өз туған жерім Зайсанды ғана ойлаушы едім. Ал, қазір менің туған жер туралы ойым кеңейген сыңайлы. Бүгінде бүкіл Қазақстан менің аяулы, қимас мекеніме айналған.

## Адамдық қасиет жоғалмаса игі

**Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.  
Абай**

Адам баласы жақсылыққа да жамандыққа да бейім жаратылады. Оларды сараптап, жаманынан жиреніп, жақсылыққа ұмтылу – адамның сана-сезімі, білімі мен рухани байлығына, жүрегіндегі иманына тәуелді. Әрине, өскен орта, алған тәлім-тәрбие, тағылым адам баласының мінезіне оң не теріс әсер етуі әбден мүмкін. Адам бойында өзге біреуге жылылығын, ізгі лебізін білдіретін мейірімділік қасиет, ағайындық қарым-қатынаста адалдықты білдіретін бауырмалдық қасиет, адамдарға деген таза ниетті білдіретін адалдық қасиет, толағай боп тау көтерсең де, қырандай қияға қалықтап, сан биіктерге самғасаң да, Жаратқанның қалауымен жағдайың жақсарып, мәртебең өсіп жатса да мақтанға салынбаған қарапайымдылық сынды қасиеттерді жетілдіру ең алдымен сана мен жүректің еншісіндегі нәрсе ме деймін. Әл-Фараби бабамыз: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», – деген. Осы сөздің астарына үңіле қарасаң, адамдардың әр нәрсені ойлап істеуде және басқара білу үрдістерінде үлкен мән жатыр. Сондықтан әр адам жаман пиғылдан аулақ болып, атқарылған істе әділдік орын алғаны жөн. Жағымпаздық пен жатыпішерлік, жеңілдің үстінен пайда тауып, қиянатшылдық жасағандардан сақтану керек.

Қазақтың данышпан ақыны Абай адамның қасиетін үш нәрсеге теңейді: “ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”. Осы аталған үш қасиет адам бойынан табылмаса, не біреуі болып, екіншісі, үшіншісі жоқ болса, ол адам толық адам емес, жан-жақты жетілмеген, тұлға болып толыспаған пенде. Бір ғажабы, ұлы Абай даналығының кілті бәрінен бұрын жүректі алға қоюында. Естеріңізде болар, Абай он жетінші қара сөзінде қайратты, ақылды, жүректі таластыра отырып, қайсысының күштілігін анықтау үшін ғылымға жүгіндіреді. Сонда ғылым ақыл мен қайраттың қажеттілігін мойындай отырып, бәрінен де жүректің биіктігін тұжырымдайды. Сондай-ақ Абай:

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,

Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі, – деп, жүрек пен ақыл рухани танымның тұрағы екендігін аңғартқан. Сөз арасында өзіміз байқай қоймағанымызбен «жүрегіміз сезеді». «Жүрек құрғыр сезді ғой» деген сөздердің көп айтылып жүретіндігінің өзі өмір мен қоғамдағы адам әрекетінің, әрбір қадамының жүрекпен көбірек байланыстылығын айқындамай ма? Мәселен, достық, адамдардың бір-біріне деген жақындық қарым-қатынасын тағы да ұлы Абай:

Пайда, мақтан бәрі тұл,

Доссыз ауыз тұшымас.

Жүрегі жұмсақ білген құл,

Шын дос таппай тыншымас, – деп достық қарым-қатынаста да жүректің маңыздылығын алға қояды.

Олай болса, мына өмірде адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу болса, ол талапты орындау тек өзіміздің еншімізде екендігін ескерсек екен. Өйткені адам өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттілігімен ардақты.

**Студент физико-технического факультета Бексултан Бостандыков занял I место в II чемпионате Азии по тогызкумалаку**



Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХЫН ОЯТҚАН БАЙҚАУ



Енді, міне, жарыстың қорытындысы да қызу тартыспен өтті. Ақтық кезеңде қатысушылар сәлемдесу, шеберлік, сұрақ-жауап, өнер сайысы, ұлттық нақыштағы заманалы сән үлгілерін көрсету (дефиле) сынды 5 номинацияда бақ сынады. Сайыста әділ қазылар алқасының төрағасы, «Ана тілі аруы», «Жігіт сұлтаны» жобасының әріптесі «Ана тілі» республикалық газетінің бас редакторының орынбасары Нұрперзент Дөмбай, ЖОО және жастар ұйымдары жұмыстары жөніндегі бөлімінің басшысы Венера Махамбетқызы, әнші Заир Бегалы, әнші, актер Мұрат Қожа және тағы басқа да белді тұлғалар қазылық жасады.

Жарыстың әрбір номинациясы өзіндік тартымдылығы және көрерменге ерекше әсер сыйлауымен ерекшеленсе керек. Әсіресе өнер сайысындағы қатысушылардың мың құбылған билері мен әсерлі өлең шумақтарын оқулары, ән айтып, күй тартулары көрерменге өзгеше сезім сыйлағаны сөзсіз.

Сайыс соңында сөз алған ҚазҰУ-дың Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің директоры Мәңдігүл Сағатқызы: «Әділ қазылар алқасының шешімі бойынша бүгін ақтық сынға өткен біздің 14 қызымыз бен 14 жігітімізге арнайы номинациялар тағайындалды. Ал сайыстың шарықтау шегі «Ана тілі аруы» мен «Жігіт сұлтанын» анықтау», - деді. Сайыста «Ана тілі аруы» байқауына қатысқаны үшін қатысушы арулар «Қайсар ару», «Инабатты ару», «Парасатты ару», «Көрермен көзайымы», «Мейірімді ару», «Өнегелі ару», «Кербез ару», «Дарынды ару», «Қылықты ару», «Байсалды ару», «Көрікті ару», «Нәзік ару», «Ақбілек ару», «Өнерлі ару», ал «Жігіт сұлтаны-2013» байқауына қатысушы жігіттерге «Шешен жігіт», «Жалынды жігіт», «Парасатты жігіт», «Ақын жігіт», «Жігерлі жігіт», «Қайсар жігіт», «Өнерлі жігіт», «Білімді жігіт», «Талантты жігіт», «Қайратты жігіт», «Байсалды жігіт», «Дарынды жігіт», «Келбетті жігіт», «Толағай жігіт» номинацияларымен марапатталды.

Ал «Ана тілі аруы» мен «Жігіт сұлтаны» жеңімпаздарын ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов марапаттады. Қорытынды сөз сөйлеген ректор: «Бүгінгі сайыс барлығыңызға ұнады деп ойлаймын.

Басқа конкурстардан осы «Ана тілі аруы» мен «Жігіт сұлтаны» конкурсы несімен ерекшеленді деген сұрақты ойлап көрдіңіздер ме? Бұл – ұлттық құндылықтарға негізделетін конкурс. Бұл байқауда қазақты озық дәстүрімізді жаңа буын жастарының болашаққа жалғастыруы, сол дәстүр арқылы ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру ерекшелігі жатыр. Өйткені, конкурстар көп, әрқайсысының өз мағынасы бар. Ал, бұл конкурстың негізгі мәні де мазмұны ұлттық нақышта, ұлттық рухында жастарды тәрбиелеу, тарихтан келе жатқан дәстүрімізді жалғастыру. Біз ұл-қыздарымызды дұрыс бағыттап білсек, осы конкурстың негізгі мақсаты орындалды деп сенуге болады. Бұл жастар елімізді қорғайды, ертеңін жасайды. Жастар көп, бірақ сол жастар елдің болашағын ойлай ма, сол елдің болашағын дамытуға дайын ба?! Осындай байқауларды осындай сұрақтарға негіздей отырып, жастарды тереңнен ойландыра білсек, оларды жұмысқа, іс-қимылға бағыттап білсек, осындай конкурс елге де, болашаққа да пайдалы. Сондықтан осы конкурсты ұйымдастырып отырған азаматтарға, студенттер сенатына, сайысқа қатысқан белсенді студенттерімізге, қатысуға арнайы келген қонақтарымызға, әділ-қазыларға, жастарды қолдап отырған демеушілерге шын жүректен алғысымды айтықым келеді. Ал енді бір жұмадан кейін Тұңғыш Президентіміздің мерекесіне арналған ұлттық студенттік патриот жастар фестивалін ашамыз. Барлықтарыңызды соған шақырамын», - деді.

Өз сөзімен бөлісіп, тілегін жеткізгеннен кейін университет басшысы дәстүрлі шараның биылғы жеңімпаздарына марапаттарын табыстады. Яғни экономика және бизнес жоғары мектебінің 1 курс магистранты Досхан Жалниязов «Жігіт сұлтаны-2013» атанса, ал филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4 курс студенті Гүлзада Ізденова «Ана тілі аруы-2013» атағын иеленіп, ұйымдастырушылар мен демеушілер тарапынан сый-сияпат иеленді.

**Досхан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
**Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕГІ (фото)**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Дизайнер – Досхан БАЛАБЕКҰЛЫ

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекен-жай: [kazuniver-gazeti@mail.ru](mailto:kazuniver-gazeti@mail.ru)  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды. Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 11 223**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.